Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

«Қадірлі баспасөз қызметкерлері! Сіздерді Ұлттық басылым күнімен құттықтаймын!
Бұл мереке – елімізді өркендету және мемлекеттігімізді нығайту жолында еңбек етіп жүрген баспасөз өкілдеріне деген шынайы құрметтің белгісі. Қазақ басылымдары әрдайым халықтың үні, төл руханиятымыздың берік қорғаны саналған. Біз оның бай тарихын, ағартушылық дәстүрін мақтан тұтамыз. Газет-журналдарымыз ұлттық сана-сезімді дамыту ісінде айрықша рөл атқарады. Зиялы қауым өкілдері қоғамдағы көкейкесті мәселелерге қатысты ой-пікірін, негізінен, мерзімді баспасөз арқылы білдіреді. Елімізде түрлі кезеңде жарық көрген басылымдар қашанда ұлт мүддесіне адал қызмет еткен. Аға буынның сара жолын қазіргі кәсіби журналистер лайықты жалғастырып келеді. Олар шынайы ақпарат таратып, жалпыұлттық құндылықтарды кеңінен насихаттауға белсене атсалысып жүр. Газет-журналдарымыз алдағы уақытта да жасампаз бастамаларды жүзеге асыруға, ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруға және ел бірлігін нығайтуға зор үлес қоса береді деп сенемін. Баршаңызға шығармашылық шабыт, бақ-береке тілеймін!».

№13
(4911)
Сейсенбі
3 ақпан
2026 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

6-БЕТ | ҚАЛА МЕН САЛА



БАСПАСӨЗ ҚАРА НАРЫНЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ

ЗЕЙНЕТКЕР ЖЕҢІЛДІКПЕН ЖҮРЕДІ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ 60 жастан асқан жолаушыларға арналған жаңа жеңілдікті іске қосты.

Енді ел ішінде теміржолмен сапарлайтын зейнеткерлерге 25 пайыздық жеңілдік қарастырылған. Жеңілдікті пайдалану үшін Ұлттық тасымалдаушының барлық пойызында жарамды QURMET дисконттық картасын рәсімдеу жеткілікті.

Бұл карта купе, плацкарт және отыратын вагондарда орын шектеусіз билет алуға мүмкіндік береді.

Картаның құны – 3000 теңге, жарамдылық мерзімі – сатып алынған күннен бастап 1 жыл.



3

МЕДИЦИНА МЕКЕМЕЛЕРІ КӨБЕЙЕДІ

Астана халқының саны көбейген сайын денсаулық сақтау мекемелеріне деген сұраныс та артып отыр. Бүгінгі таңда елордада 11 жаңа медициналық нысанның құрылысы жүргізіліп жатыр. Олардың қатарында республикалық медициналық орталықтар, көпсалалы ауруханалар және қосалқы жедел жәрдем станциялары болады.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!


Елордада «Тұрмыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтіп жатыр.

Астана қаласының Полиция департаменті іс-шара барысында құқық бұзушылық фактілерін анықтау, есепте тұрған тұлғаларды тексеру, полицияның ерекше бақылауындағы отбасыларға бару, қорғау нұсқамасы шығарылған азаматтармен, сондай-ақ алкогольді ішімдіктерді шамадан тыс тұтынатын және есірткі қолдану фактілері бойынша есепте тұрған тұлғалармен жұмыс жүргізілуде. Профилактикалық жұмыс күшейтіліп, рейдтер, аулалық және пәтерлік аралаулар, тұрғындармен түсіндіру әңгімелері өткізілуде.

Жедел-профилактикалық іс-шараның аясында Полиция департаменті қала тұрғындарына ескертеді: егер сіз зорлық-зомбылықтың куәгері болсаңыз немесе өзіңіз қысымға, қорқытуға, қатыгездікке не өзге де құқық бұзушылықтарға ұшырасаңыз, дереу 102 нөміріне, 71-60-63 – Астана қаласы ПД Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықпен күрес бөліміне немесе 111 – Балалар мен отбасыларға көмек көрсетудің бірыңғай байланыс орталығына хабарласуыңыз қажет.

ҮШ МЫҢ АДАМ ҚАР КҮРЕДІ

Елорда аумағынан қар тоқтаусыз шығарылып жатыр. Кешеден бері қаланың коммуналдық қызметтері күшейтілген тәулік бойғы жұмыс режиміне көшті.



Кеше таңертеңнен бастап қар күреу жұмысына үш мыңнан астам жол жұмысшысы мен мыңнан аса арнайы техника жұмылдырылды. Ал өткен түнде қала аумағынан 488 рейс арқылы арнайы полигондарға 7 078 мың текше метр қар жеткізілді.

Ал жалпы қыс мезгілі басталғалы бері қала аумағынан қар полигондарына барлығы 245 161 рейспен 3 млн 420 мың 989 текше метр қар шығарылды.

Қар күреу жұмысына елордалық волонтерлер де өз үлесін қосып жатыр. Демалыс күндері Нұра ауданы әкімдігінің қызметкерлері «Астана жастары» жастар ресурстық орталығының еріктілерімен бірлесіп, қарт адамдардың аулаларын қардан тазартты.

№13 (4911) 03/02/2026 Сейсенбі

AQORDA



ПӘКІСТАНҒА БАРАДЫ

Қазақстан Президенті 3-4 ақпан күндері Пәкістан Ислам Республикасына мемлекеттік сапармен барады.

Бұл туралы Ақорданың телеграм-арнасы хабарлады. Сапар аясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-министр Шахбаз Шарифпен және Президент Асиф Али Зардаримен келіссөздер жүргізіп, саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты нығайту перспективасын талқылайды. Сонымен қатар Қазақстан-Пәкістан бизнес форумына қатысу жоспарланған.

ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫН КҮШЕЙТУДІ ТАПСЫРДЫ

Премьер-министр Олжас Бектенов ҚР жаңа Конституциясы жобасын халыққа түсіндіру бойынша кеңес өткізді.

Жиынға Үкімет мүшелері мен өңір әкімдері қатысты. Премьер-министр барлық деңгейдегі министрліктер мен әкімдіктерге жаңа Конституция жобасын халыққа жан-жақты түсіндіру жұмыстарын күшейтуді тапсырды.

Жалған әрі бұрмаланған ақпараттармен күресуге баса назар аударылды. Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде шындыққа жанаспайтын арандатушылық сипаттағы жарияланымдар тіркелуде. Ішкі істер министрлігіне «Заң мен тәртіп» қағидатына сәйкес, жалған мәліметтерді таратқаны үшін қатаң құқықтық әрекет және жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету тапсырылды.

Үйлестіру Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға жүктелді.

БАҒА – ТҰРАҚТЫ, КӨҢІЛ – ХОШ

Үкіметте Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен инфляцияны тұрақтандыру мәселелері бойынша кеңес өтті. Бұл туралы Үкіметтің баспасөз қызметі хабарлады.


Соңғы екі аптада әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдерінің орташа баға индексі нөлдік деңгейде сақталып отыр. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижановаңың айтуынша, қияр (-2,5%), балық (-1,4%), алма (-0,5%), ұсақталған ет (-0,3%), қарақұмық пен сиыр еті (-0,2%), қатты ірімшік пен жұмыртқа (-0,1%) бағалары төмендегені тіркелді. Қызанақ, сүт, тауық еті, сүйекті сиыр еті және нан бағалары тұрақты. Сонымен қатар көкөніс-жеміс өнімдерінің бағасы маусымаралық кезеңге байланысты өсіп келе жатқаны байқалады.

Бағаны тұрақтандыру мақсатында ақпан айынан бастап тұрақтандыру қорларындағы көкөністердің белсенді түрде сату басталды. Бүгінгі күнге дейін аймақтардағы сауда орындарына қолжетімді бағамен 57 мың тоннадан астам көкөніс жеткізілді. Ақпан айында нарыққа қосымша шамамен 80 мың тонна картоп, 11 мың тонна пияз, 27 мың тонна сәбіз және 19 мың тонна қырыққабат шығару жоспарланып отыр.

Жиын барысында майлы өнімдер, атап айтқанда, күнбағыс майының бағасын тұрақтандыру мәселесіне де ерекше назар аударылды. Вице-премьер Ауыл шаруашылығы министрлігіне отандық зауыттарда күнбағыс майын өндіру үшін фермерлерді майлы тұқым сатуға ынталандыратын іс-шаралар қабылдауды тапсырды. Бұл қадам фермерлерді қолдауға, кәсіпорындардың жұмысын қамтамасыз етуге және ішкі нарыққа май жеткізілімін арттыруға мүмкіндік береді.

Жыл басынан бері 72 аймақтық комиссия отырысы өтіп, сауда үстемесін қолдану тәртібін бұзудың 128 фактісі анықталған. Сауда саласында мемлекеттік бақылауға 218 бизнес субъектісі қамтылған, жалпы салынған айыппұл сомасы – 3,7 млн теңге. Серік Жұманғарин формалды түрде өтіп, сауда үстемесін шектеу бойынша ешқандай нәтиже бермеген Қарағанды, Маңғыстау, Қызылорда, Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ақтөбе және Павлодар облыстарындағы аймақтық комиссиялардың жұмысын сынға алды.

Жиын қорытындысы бойынша Вице-премьер жергілікті деңгейде жеке жауапкершілікті қамтамасыз ету қажеттігін атап өтіп, баға өсімін болдырмау, заңсыз баға өсуін тоқтату және әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша практикалық жұмыстарды жандандыруды тапсырды.



ҰЗАҚМЕРЗІМДІК ДАМУДЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАЙДЫ

Сенат Спикері Мәулен Әшімбаевтың төрағалығымен Палата Бюросының отырысы өтті. Жиынды ашқан Мәулен Әшімбаев Қазақстан қазір елді одан әрі үдемелі дамытуға бағытталған ауқымды өзгерістердің алдында тұрғанын атап өтті.

«Қазіргі таңда Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен елімізде конституциялық реформалар жүргізіліп жатыр. Олар «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасын жүзеге асыруды көздейтін ауқымды жаңғырту стратегиясының маңызды бөлігі. Нәтижесінде елдің бүкіл саяси жүйесінің тиімділігі, ашықтығы мен белсенділігі артады. Сондай-ақ саяси ықпал мен жоғары өкілді органның рөлі күшейтіледі. Осыған байланысты елдің жаңа Конституциясының мәтіні дайындалып, жарияланды. Жаңа Ата заң азаматтардың, қоғамдық институттардың, саяси партиялар мен заңгерлердің ұсыныстары негізінде әзірленді. Комиссия отырыстарында ашық әрі мазмұнды талқылаулар болды. Жаңа Конституция еліміздің ұзақ мерзімді дамуының негізін қалайды» деді Мәулен Әшімбаев.



БОЛАШАҚҚА БАҒДАРЛАНҒАН ПРОГРЕССИВТІ ҚҰЖАТ

Премьер-министр Олжас Бектенов Ұлттық ғылым академиясы мүшелері, мемлекеттік органдар басшылығы, бірқатар облыс әкімдері және бизнес-қоғамдастық өкілдерінің қатысуымен ғылым мәселелері, ғылыми жобаларды жүзеге асыру және Ұлттық ғылым академиясының әлеуетін экономиканың түрлі саласын дамытуға тарту мәселелері бойынша кеңес өткізді. Президенттің экономика салаларын цифрлық трансформациялау жөніндегі тапсырмасын орындау аясында ғылым мен нақты сектор кооперациясын нығайту, сондай-ақ ғалымдарды қолдау шаралары талқыланды.

Жиынды ашқан Премьер-министр жаңа Конституция жобасын ашық әрі нақты түсіндірудің маңыздылығына тоқталды. Құжатта қоғамда болып жатқан жоспарлы саяси және экономикалық өзгерістерді көрсетіліп, ел дамуының жаңа бағдарлары, оның ішінде білім, ғылым және инновация саласындағы басымдықтар белгіленгені атап өтілді. «Ата Заңның жаңа жобасы – болашаққа бағдарланған прогрессивті құжат. Онда адам және оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Біз Конституция жобасында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Заң мен тәртіп» жаппай үстемдік құрған, «Әділетті әрі таза Қазақстанды құру» идеясы халықтың кең қолдауына ие болғанын көріп отырмыз. Жауапты әрі жасампаз отаншылдық идеясы басты орынға қойылады. «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы саяси жүйенің тұрақтылығы мен сабақтастығын орықтыра түседі» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Жаһандық деңгейдегі өзгерістер мен жоғары технологияның қарқынды дамуы және «орта державалар» рөлінің артуы жағдайында конституциялық реформаның заман талабына сай уақтылы жасалған қадам екені баса айтылды.

Талқылау барысында ғылыми ортаның өкілдері жаңа Конституция жобасын қолдап пікір білдірді. Ғылымды мемлекеттің тұрақты дамуының негізі ретінде шоғырландыру жөніндегі бастамалар ерекше атап өтілді. «Жаңа Конституция жобасы адам құқығы мен бостандығын мемлекеттің басты басымдығы ретінде бекітіп қана қоймай, Қазақстанның ұзақмерзімді ғылыми-технологиялық дамуының негізі саналады» деп атап өтті Ұлттық ғылым академиясының президенті Ақылбек Күрішбаев.

«Бүгінгі таңда медицина ғылымының дамуы – ғылыми прогресс қана емес, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздік пен орнықты денсаулық сақтау жүйесін нығайтудың негізгі факторы. Конституцияның жаңа жобасында ғылымды мемлекеттің тұрақты дамуының негізі ретінде қарастыру аса маңызды екені сөзсіз. Бұл ғылыми білім мен зерттеулердің және ғылыми кадрлардың еліміздің қосалқы емес, тікелей стратегиялық ресурсы екенін мойындауды білдіреді» деді академик Вячеслав Локшин «өмір және денсаулық туралы ғылым» бағытын стратегиялық деңгейге шығару қажеттілігін атап өтті.

Осыған байланысты жасанды интеллект және үлкен деректер базасында шешімдерді енгізу, цифрлық диагностика мен телемедицинаны дамыту, медицина ғылымының кадрлық әлеуетін нығайту мәселелері де күн тәртібінде өзекті бола түсті. Жиынға қатысушылар ғылымның экономикаға қосатын үлесін арттыру мәселелері бойынша пікір алмасты.

САНИТАРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛДІ

Бұдан былай мемлекеттік санитар дәрігерлер құқық бұзушылықтардың себептерін жою жөнінде бюджет бағдарламаларының әкімшілеріне ұсыныс енгізе алады.

Бұл туралы Астана қаласы Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті басшысының орынбасары Мұхамғали Арыспаев мәлімдеді. Сондай-ақ мемлекеттік меншік нысандарына қатысты жергілікті атқарушы және мемлекеттік органдарға міндетті ұсынымдар жолдап, олардың орындалуын талап ету құқығына ие болды. Мұндай іс-шаралар балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға, санитариялық талап бұзушылықтарды ерте анықтауға бағытталған.

МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕР КӨБЕЙЕДІ

Елордада денсаулық сақтау саласына қатысты 11 жаңа нысанның құрылысы көзделген. Олардың қатарында республикалық орталықтар, көпсалалы ауруханалар, емханалар және қосалқы жедел жәрдем станциялары бар. Бұл туралы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек мәлім етті.



«Соңғы 10 жылда елордада босанатындардың саны 35%-ға артты, соның салдарынан қалалық акушерлік стационарлар шамадан тыс жүктемемен жұмыс істеп келеді. Осы мәселені шешу үшін қалада әрқайсысы 250 орынға арналған екі перинаталдық орталық салынады. Қазіргі уақытта құрылыс жұмысы жүріп жатыр, нысанды 2027 жылы пайдалануға беру жоспарланған» деп жазды қала әкімі.

Әкім нысандарды салуға жұмсалатын қаржы мәселесіне де тоқталды. «Алғашқы перинаталдық орталық «Самұрық-Қазына» АҚ қаражаты есебінен салынады. Екінші перинаталдық орталық бойынша биыл жобалау жұмысын аяқтау, 2028 жылы пайдалануға беру жоспарланып отыр. Жедел медициналық жәрдемді дамыту аясында жақын уақытта №2 қалалық көпбейінді аурухана жанындағы қабылдау-диагностикалық кешенінің (ҚДК) құрылысы аяқталады. Бұл жедел медициналық жәрдемнің қолжетімділігі мен көрсетілу жылдамдығының артуына мүмкіндік беріп, стационарлық көмектің флагманына айналады» деді ол.

– Сол сияқты «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ қолдауымен Сарыарқа ауданындағы №3 жаңа көпбейінді қалалық ауруханаға (ҚҚА-3) жобалау жұмысы жалғасып жатыр. Балаларға көрсетілетін жедел медициналық көмекке ерекше назар аударылады. 2026 жылдың 15 ақпанына дейін Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығының базасында Нұра және Есіл аудандары үшін балаларға арналған травматологиялық пункт жұмысын бастайды. Бұл оң жағалауда орналасқан қолданыстағы балалар травмпунктіне түсетін жүктемені едәуір азайтып, балаларға арналған медициналық көмектің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді» деп жазды Жеңіс Қасымбек.

Астанада телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту және «Қолжетімді интернет» ұлттық жобасын іске асыру мәселелеріне арналған кеңес өтті. Жиынға Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мадиев төрағалық етті.

ЦИФРЛЫҚ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ТАЛҚЫЛАНДЫ

Кеңеске мемлекеттік органдардың, байланыс операторларының және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері қатысты. Жиын барысында елдегі байланыс саласының қазіргі ахуалы мен алдағы кезеңге арналған негізгі міндеттер талқыланды. Басты назар халықты, соның ішінде ауылдық және шалғай елді мекендерді сапалы әрі тұрақты интернетпен қамтамасыз етуге аударылды.

Байланыс саласын дамыту бірнеше негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылуда. Атап айтар болсақ, интернетті үй шаруашылықтарына дейін жеткізу, мобильді және спутниктік интернетті дамыту, автомобиль жолдары бойында байланыс орнату, сондай-ақ Қазақстанның транзиттік әлеуетін арттыру көзделген.

Ауылдық елді мекендерді интернетпен қамту басым бағыттардың бірі болып қала береді. «Қазақтелеком» АҚ-ның инвестициялық келісімі аясында 3 мыңнан астам ауылдық елді мекенді жоғары жылдамдықты интернетке қосу жоспарланған болатын. Сонымен қатар Дүниежүзілік банкпен бірлесіп «соңғы миляны» субсидиялау жобасы іске асырылуда, оның шеңберінде шағын және орта байланыс операторларының капиталдық шығындарының 50 пайызына дейінгі өтемақысы қарастырылған.

«Мобильді интернетті дамыту бағытында 2027 жылға дейін 3G технологиясынан 4G-ге кезең-кезеңімен көшу жоспарланған. Сондай-ақ халық саны 250 адамнан асатын елді мекендерде 4G қамту міндеттемелерін орындау мәселелері қаралды. Бұдан бөлек, 5G желілерін дамыту және байланыс жоқ аймақтарды қысқарту жоспарлары талқыланды. Спутниктік интернет шалғай және аз қоныстанған аумақтар үшін маңызды шешім ретінде қарастырылуда. 2025 жылы 300-ден астам ауылдық елді мекен спутниктік интернетпен қамтамасыз етілді. 2026 жылы нарыққа жаңа операторлардың шығуы және Direct-to-Cell технологиясының дамуы күтілуде» делінген хабарламада.

ЖАҢА ДАМУ КЕЗЕҢІНЕ БАҒЫТ АЛДЫ

Қазақстан жаңа тарихи даму кезеңіне қадам басты. Бұл өзгерістер ел Конституциясын реформалаумен тікелей байланысты және мемлекеттілікті нығайтуға, әділетті қоғам қалыптастыруға, сондай-ақ билік пен халық арасындағы ашық диалогты дамытуға бағытталған. Осыған орай мәслихат депутаттары бас қосты. Жиын тізгінін Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден қолына алды.

2026 КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА





Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ

Айта кету керек, Конституциялық реформаны әзірлеу барысында азаматтар мен сарапшылар тарапынан түскен ұсыныстар жан-жақты қарастырылған. Еркін ойлар ескерілген. Ұсыныстар қамтылған. Жаңа редакция елдің құқықтық, саяси және құндылықтық дамуын қайта пайымдауға негіз болып отыр.

– Құжатты дайындау жұмысы кәсіби әрі өкілді форматта жүргізілді.

Конституциялық комиссия құрамына заңгерлер, экономистер, саясаттанушылар, азаматтық қоғам, бизнес және өнер саласының өкілдері енді. Комиссияның аумақтық және гендерлік теңгерімі сақталып, бұл ұсыныстарды әртүрлі қырынан кешенді қарастыруға мүмкіндік берді. Айта кетерлігі, процестің ашықтығы да басты назарда болды. Комиссия отырыстары ашық форматта өтіп, онлайн трансляциялар ұйымдастырылды, ал цифрлық платформаларда қоғамдық талқылаулар жүргізілді. Бұл азаматтарға реформалау барысын бақылап, шешімдердің қалай қабылданғанын түсінуге жағдай жасады. Сарапшылардың пікірінше, мұндай тәсіл «Естуші мемлекет» қағидатының нақты іске асқанын көрсетті.

Реформаның негізгі ерекшелігі – адам мүддесіне басымдық берілуі. Өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, өмір сапасын арттыруға және қоғамдағы әділеттілікті нығайтуға бағытталған, – деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Жалпы алғанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының жаңа редакциясының жобасы мемлекеттік құрылыстың негізгі қағидаттарын жаңартуға және Негізгі заңды қазіргі қоғамдық сұраныстарға бейімдеуге бағытталған жүйелі реформа болып табылады.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының «Сот билігі, прокуратура, құқық қорғау механизмдері» бөлімі сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайтуға және азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған маңызды және принципті өзгерістерді енгізеді.

– Біріншіден, Жоғарғы Соттың Төрағасын тағайындау мерзіміне шектеу қойылады – бір реттен артық емес. Оның тағайындауы толықтай Президентке сеніп тапсырылған, ал Жоғарғы Сот судьялары Президенттің ұсынысы бойынша Құрылтай арқылы сайланады. Сол сияқты принцип Бас Прокурор мен Адам құқықтары бойынша уәкілге де қолданылады. Бұл шаралар сот билігінің жоғарғы органдарының басшыларын тағайындау тәртібін ашық және түсінікті етеді, биліктің шамадан тыс персонализациялануын болдырмайды, кадрлардың айналымын арттырады және азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін нығайтады.

Екіншіден, Конституция деңгейінде алғаш рет адвокатура институты бекітіледі. Бұл азаматтардың сот арқылы қорғалуға және заңдық көмек алуға құқығын қамтамасыз ететін маңызды кепілдік болып табылады. Адвокаттар және басқа уәкілетті тұлғалар азаматтарға сапалы құқықтық көмек көрсетеді, ал заң олардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігін нақты реттейді. Бұл тәсіл адвокатураның тәуелсіздігі мен кәсіби бақылаудың қажеттілігін теңестіріп, этикалық стандарттарды және құқықтық көмек сапасын қамтамасыз етеді, – дейді өз пікірін ортаға салған Астана қаласы мәслихатының депутаты Азамат Айтхожин.

Ұсынылып отырған өзгерістер әділеттілікті, ашықтықты және биліктің жауапкершілігін нығайтуға, сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік шешімдер қабылдау үдерісіне қатысуын кеңейтуге бағытталған. Реформаның өзегінде адам, оның құқықтары мен бостандықтары, сондай-ақ өмір сүру сапасы тұр.

Тұтастай алғанда, конституциялық өзгерістер заманауи, демократиялық және әлеуметтік бағдарланған мемлекет моделін қалыптастырып, мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтады және Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді даму бағытын айқындайды.


ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫ ЕРІКТІЛЕР

Кеше Астана қаласы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы ұйымдастыруымен есірткі қылмыстарының алдын алу және волонтерлік қызметті дамыту аясында профилактикалық іс-шара өтті.

Шапағат ӘБДІР

Іс-шараға бұрын есірткі қылмыстары үшін бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған тұлғалар қатысты. Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – қайта құқық бұзушылық жасау тәуекелдерін төмендету және сотталғандар санының өсуіне жол бермеу.

Іс-шара барысында қатысушылар волонтерлік қызметке тартылып, нақты профилактикалық жұмыстарға атсалысты. Атап айтқанда, қала аумағындағы есірткі дүкендерінің жарнамасы бейнеленген граффитилерді бояп өшіру, сондай-ақ білім беру ұйымдарында түсіндіру және дәрістік іс-шаралар өткізу жұмыстары жүргізілді.



– Синтетикалық есірткі қылмысы қазіргі таңда қоғам үшін аса қауіпті әрі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Бұл қылмыстың ең үлкен қатері – синтетикалық есірткіні дайындау үшін арнайы өндірістік база ғана емес, тіпті химиядан хабары бар кез келген адам да заңсыз жолмен айналыса алатынында. Яғни белгілі бір білім мен интернеттегі нұсқаулықтардың өзі қылмысқа баруға жеткілікті болып отыр. Осы себепті жастардың мұндай жарнамалардан және жеңіл табыс ұсынатын ұсыныстардан аулақ болуы аса маңызды. Құқық қорғау органдарының практикасы көрсеткендей, синтетикалық есірткінің елімізге келу және таралу арналары көбіне шетел азаматтарының қатысуымен жүзеге асуда. Олар Қазақстан аумағына келіп, жасырын зертханалар ұйымдастырып, заңсыз есірткі дайындау және сату фактілері бойынша ұсталып жатыр. Бұл жағдай қоғамның қауіпсіздігіне және халық денсаулығына тікелей қауіп төндіреді. Сонымен қатар қазіргі таңда синтетикалық есірткінің шегілетін, иіскейтін, ішілетін түрлі формаларының пайда болуы мәселенің ауқымын одан әрі күрделендіріп отыр. Егер бұл бағытта қатаң бақылау мен тыйым салу шаралары күшейтілмесе, болашақ ұрпақтың денсаулығына орасан зиян. Осыған байланысты бүгінгі күні өткізіліп отырған профилактикалық іс-шараға бұрын дәл осы санаттағы қылмыспен айналысқан, жазасын өтеп шыққан тұлғалар тартылып отыр. Аталған азаматтар ерікті ретінде қоғамдық жұмыстарға қатысып, бұл жұмыстың тиімділігін арттыруға үлес қосады. Ең бастысы, олар өздерінің жеке тәжірибесіне сүйене отырып, синтетикалық есірткі қылмыстарының қалай ұйымдастырылатынын, қандай тәсілдер қолданылатынын түсіндіріп, мұндай қылмыстардың тез ашылуына және алдын алуға көмектеседі, – деді Астана қаласы полиция департаменті есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының бөлім бастығы полиция подполковнигі Әлия Қибатқызы.

№13 (4911) 03/02/2026 Сейсенбі



Ерлан ҚОШАНОВ,
Парламент Мәжілісінің төрағасы:

ҰСЫНЫЛҒАН КОНСТИТУЦИЯ ЖОБАСЫ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА ФИЛОСОФИЯСЫ

– Бүгін біз жаңа Конституцияның жобасымен танысып шықтық. Оның алғашқы жолдарынан-ақ ұғынықты стилі, жатық тілі алдағы маңызды конституциялық өзгерістерді жұртшылықтың бірден түсініп қабылдауына септігін тигізеді.

Кейінгі күндері Негізгі заң жобасы қалай талқыланғанын, көпшіліктің көз алдында оның жария түрде ашық өткенін ел азаматтары тікелей бақылауға мүмкіндік алды. Сол арқылы Қазақстанның әр азаматы аталған ұлы тарихи процеске өзінің де қатысы барын, ел тағдыры – халықтың қолында екенін айқын сезіне алды. Әр норма төңірегіндегі қызу пікірталас, жобаның әр бөлшегіне қоғамның ерекше қызығушылық танытуы бекер емес. Өйткені бұл – уақыт талабы.

Президенттің «халықпен біргеміз» деген ұстанымы жұртшылықтың белсенділігін арттырып, әр азаматтың мемлекет тағдырын қалыптастырудағы өзіндік рөлін ұғындыра түсті. Баршаға өз ұсыныстарын енгізуге мүмкіндік берілді.

Конституциялық реформа жөніндегі комиссия ауқымы жағынан теңдессіз жұмыс атқарды. Ұсынылған әрбір бастамаға үн қатып, мыңдаған ұсыныстыжүйеледі.

Қазіргі жағдай жаңа ережелер, жаңа стандарттар мен жаңа сын-қатерлер туындатып отыр. Отыз жылдан астам уақыт еліміз өз дамуында үлкен жолдан өтті. Біз көп жұмыс атқарып, сан сынақты еңсердік.

Жаһандағы алмағайып жағдай мен әлемдік саясаттың мың құбылуы, Қазақстан қоғамы санасының түбірімен жаңаруы, әділеттілік пен өзгеріске деген сұраныстың артуы – қазіргі заманның нақты талабы. Осының бәрі мемлекет пен қоғамның өзара қарым-қатынасында түбегейлі трансформация мен өзгерісті, жаңаша қоғамдық келісімді, жаңа мән-мағынаны талап етті.

Бұл орайда Мемлекет басшысы эволюция жолын таңдап, ауқымды әрі дәйекті саяси өзгерістер процесін бастап берді. Жаңа Конституция жобасы осы үздіксіз процестің шарықтау шыңына айналды. Бұл – мүлде жаңа концептуалды құжат. Ол осыған дейін Ұлттық қоғамдық сенім кеңесі, Ұлттық құрылтай мен Қазақстан халқы ассамблеясы отырыстарында қоғам мен мемлекет арасында өткен жанжақты талқылаулардың нәтижелерін қамтыды.

Жаңа Ата заңның жобасын күллі Қазақстан халқының ой-пікірі, мұң-мұқтажы, арман-аңсары көрініс тапқан «Халық Конституциясы» деп атауға толық негіз бар. Қасым-Жомарт Тоқаев көпшіліктің талап-тілегін терең түсіне отырып, Әділетті Қазақстан құруды Конституцияда ең жоғары мақсат ретінде шегелей бекітуді тікелей ұсынды.

Осы ретте соңғы жылдары әр қазақстандықтың көңіліне ұялап, жанына жақын бола түскен Заң мен тәртіп, Адал Азамат, Таза Қазақстан сияқты құндылықтар жаңа Конституция жобасының преамбуласы негізіне айналды. Олар Конституцияның барлық нормасының өзегін құрап, болашақ ел дамуының берік моральдық-құқықтық іргетасын қалады.

Бұл басты қағидаттар еліміз үшін бетбұрысты кезеңде ұлтымызды ұйыстырып, мемлекеттік шешімдердің әділдігіне деген сенімді нығайтып, әрі қарай орнықты дамуымызға бағдар бергенін атап өткен абзал. Олардың конституциялық деңгейде бекітілуі – жұртшылықтың көптен күткен үмітінің үдесінен шыққан шынайы жауап болмақ.

Негізгі заңның жобасында еліміздің болашақ заң шығарушы органы – Құрылтайдың жаңа архитектурасы ұсынылған. Бір палаталы жаңа Парламентке айтарлықтай пәрменді функциялар беріледі. Олар биліктің түрлі тармақтары арасындағы тежемелер мен тепе-теңдік жүйесін толығымен жаңартады.

Құрылтайдың тек партиялық тізім арқылы жасақталуы халықтың барлық топтарының мүддесін мейлінше кең әрі жүйелі қамтамасыз етеді. Белсенді азаматтық ұстанымы бар қазақстандықтар да саяси партияларға мүше болу арқылы жаңадан құрылатын заң шығарушы органға өте алады. Бұл қадам партиялардың қызметін жандандырып, мықты саяси ойыншылардың пайда болуына, жаңа саяси мәдениеттің қалыптасуына жол ашады.

Құрылтайда партиялардың өкілдік етуі жұртшылықтың өз мүддесін заңнама деңгейінде тікелей әрі тұрақты арналар арқылы жеткізуіне мүмкіндік береді. Саяси партиялардың түрлі идеологиялық платформалары Парламенттегі пікірталастардың мазмұны мен мәнін, қабылданатын заңдардың сапасын арттыра түседі. Түптеп келгенде, бұл Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын барынша орнықтырады.

Осы жылдары біз халықпен тікелей диалог орнату – Мемлекет басшысы саясатының бұлжымас бағдары екеніне куә болып келеміз. Қасым-Жомарт Кемелұлы осы қағидатты ұстана отырып, Халық кеңесін құру бастамасын көтерді.

Заңнамаға бастамашылық ету құқығы бар бұл жаңа конституциялық институт мемлекеттік биліктің жаңа құрылымымен ұтымды үйлесім таппақ. Ол біздің көпқырлы қоғамымыздың – этностардың, конфессиялардың, өңірлердің барлық аспектісі ескерілетін, жете ойластырылған мемлекеттік шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл – мемлекет тұрақтылығының, оның үйлесімді дамуы мен «Бірлігіміз – әралуандықта» принципінің институционалдануының кепілі.

Ендігі кезекте Негізгі заңға тек азаматтардың жалпыхалықтық референдум арқылы ғана өзгерістер енгізе алатыны жаңа Конституция нормаларының орнықтылығын көрсетеді.

Жаңа Конституцияда Президенттің елдегі жоғары саяси биліктің кепілдендірілген алмасымдылығы туралы бағыты жалғасын тапты. Іс басындағы Президент өз лауазымынан мерзімінен бұрын босаған жағдайда екі ай ішінде міндетті президент сайлауы өткізілетіні туралы норма енгізіледі.

Мемлекеттік билік тармақтарының тұрақтылығы мен болжамдылығын қамтамасыз ету үшін жаңадан вице-президент лауазымын енгізу көзделіп отыр. Негізгі заң жобасында Қазақстанның табысты дамуының кепілі ретінде президенттік басқару формасы сақталып қалмақ.

Жалпы, ұсынылған Конституция жобасы – ел дамуының жаңа философиясы. Онда адам құқығы мен еркіндігі мызғымас әрі негізгі басымдық ретінде бекітіледі және солай болып қалады.

Бұдан бөлек, мемлекет Ата заң деңгейінде адами капиталды, білімді, ғылым мен инновацияны дамытуға кепілдік береді. Енді адамның жеке басының біліктілігі, жақсы білімі, интеллектісі, адал еңбегі алдыңғы қатарға шығарылады. Олар елдің табиғи байлықтарынан әлдеқайда бағалы бола түсіп, негізгі құндылықтарымызға айналады. Осылайша, жаңа Конституция жобасында адамның ең басты орында тұруына терең мән беріліп отыр.

Жаңа Ата заңды қабылдай отырып, біз күллі әлем қоғамдастығына Қазақстанның Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза Қазақстан құрып жатқанын паш етеміз. Онда әр азаматтың дамуына, өмірден өз орнын табуына тең және әділ мүмкіндіктер беріледі. Ал ел шекарасы мен аумақтық тұтастығының бекемдігі туралы нормалардың бекітілуі сыртқы ықтимал сын-қатерлерге нақты жауап болмақ.

Жалпы, жаңа Конституция жобасы – жарқын болашаққа бастайтын батыл қадам. Президент айтқандай, ол әлемде қалыптасқан қазіргі күрделі кезеңде біртұтас Қазақстан халқына бағыт сілтейтін маңызды құжатқа айналады.



Жеңіс ҚАСЫМБЕК,
Астана қаласының әкімі:

ЗАМАНАУИ ҰСТАНЫМДАРДЫ ҚАМТЫДЫ

– Конституциялық реформа жөніндегі комиссия аясында жүргізіліп жатқан жүйелі жұмыс жалғасуда.

Осы кезеңде елдің Негізгі заңын жаңғыртуға қатысты ұсыныстар мен тұжырымдар жан-жақты зерделеніп, жүйелі түрде жинақталды. Комиссия алаңында айтылған пікірлер бүгінгі қоғамның нақты сұранысын ғана емес, болашаққа бағдарланған заманауи әрі прогрессивті ұстанымдарды да қамтыды.

Атап айтқанда, құқықтық жаңғыру үдерісінде ғылым мен білімнің рөлін күшейту, шығармашылық әлеуетті дамыту, ұлттық рух пен заманауи бірегейлікті үйлестіру мәселелеріне ерекше мән берілді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асырылып жатқан конституциялық реформалар – бұл тек құқықтық нормаларды жаңарту емес, ең алдымен қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтуға арналған жүйелі қадам. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидаты реформалардың өзегіне айналып, саяси жүйенің әділетті, ашық әрі орнықты моделін қалыптастыруға жол ашып отыр.

Комиссия жұмысы барысында мемлекеттік басқару институттарын жетілдіру, билік тармақтарының өзара тиімді әрекеттесуін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту мәселелері жанжақты қаралды. Бұл – қоғамның сұранысына жауап беретін, уақыт талабына сай шешімдерді талап ететін күрделі процесс.

Маңыздысы – аталған өзгерістер ашық диалог, кәсіби талдау және ортақ жауапкершілік негізінде жүзеге асуда. Мемлекет, азаматтық қоғам және сарапшылар қауымдастығы арасындағы өзара сенім мен бірлескен жұмыс қана конституциялық реформалардың нақты нәтижесін қамтамасыз ете алады.

Қолға алынған бастамалар еліміздің саяси жаңғыру жолындағы берік қадамына, әділетті және заманауи Қазақстанды қалыптастырудың мызғымас іргетасына айналатынына сенім мол.



Бибігүл ЖЕКСЕНБАЙ,
Сенат депутаты, Ұлттық құрылтай төрағасының орынбасары:

ТАРИХИ ТАҢДАУ

– Қазақстан жаңа тарихи межеге жақындап келеді. Ел тағдырына тікелей әсер ететін шешімдер кезеңінде біз Ата заң жобасына тек эмоциямен емес, саяси кемелдік пен азаматтық жауапкершілік тұрғысынан қарауға тиіспіз. Ұсынылып отырған жаңа Конституция жобасы жай ғана құқықтық түзетулер жиынтығы емес. Бұл – мемлекет пен қоғам арасындағы жаңа қоғамдық келісім, ел дамуының жаңа философиясы.

Сақталған іргелі құндылықтар – сабақтастықтың кепілі

Ең алдымен, жобада Қазақстанның конституциялық негізін құрайтын басты құндылықтардың сақталғанын атап өткен жөн. Ел бірлігі мен қоғамдық келісім, зайырлы мемлекет қағидаты, тілдік паритет, кемсітушілікке жол бермеу – мұның барлығы ұлттық тұрақтылықтың өзегі болып қала береді. Бұл – реформалардың радикал емес, эволюциялық сипатта жүзеге асып жатқанын көрсететін маңызды белгі. Сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған нормалар айтарлықтай кеңейтілген. Мемлекеттік қызмет ізгілікке негізделіп, жауапты сипаты, қоғамдық белсенділіктің заңды арналарда дамуы – жаңа Конституцияның басты идеялық өзектерінің бірі.

Құндылықтарға негізделген модернизация

Ұсынылған жоба мазмұны жағынан тек институционалдық емес, құндылықтық тұрғыдан да бай. Онда еңбекқорлық, білім мен прогресс, экологиялық мәдениет, тарихи-мәдени мұраны сақтау, ұлттық мәдениетті қолдау сияқты ұғымдар конституциялық деңгейге көтеріледі. Бұл – модернизацияны тек технологиялық немесе экономикалық үдеріс емес, ең алдымен, рухани-адамгершілік жаңғыру ретінде түсінудің көрінісі. Осы тұрғыда мемлекеттің деструктивті, бөтен идеологиялық ықпалдардан қоғамды қорғау функциясының күшейтілуі де орынды. Азаматтық еркіндік пен қоғамдық мүдденің арасындағы тепе-теңдік сақталады. Бұл – демократияны әлсірету емес, керісінше, оны жауапты әрі орнықты етуге бағытталған қадам.

Құқықтық егемендік және ұлттық мүдде

Маңызды жаңалықтардың бірі – халықаралық шарттардың ұлттық заңнамаға қатысты басымдығының енді абсолютті сипатта болмауы. Бұл норма Қазақстанның құқықтық егемендігін нығайтып, ұлттық мүддені қорғау құралдарын кеңейтеді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, дәл осы тәсіл қазіргі геосаяси тұрақсыздық жағдайында мемлекеттердің құқықтық дербестігін сақтаудың маңызды тетігіне айналып отыр.

Отбасы институты және қоғамдық тұрақтылық

Жобаға енгізілген «неке – ер мен әйелдің тең әрі ерікті одағы» туралы норма да қоғамдағы кең қолдауға ие. Бұл – дәстүрлі отбасы институтын, ұрпақ сабақтастығын және әлеуметтік тұрақтылықты қорғауға бағытталған айқын әрі түсінікті конституциялық ұстаным.

Билік архитектурасы: жауапкершілік пен болжамдылық

Мемлекеттік билік жүйесіне келсек, ұсынылған өзгерістер ел басқарудағы айқындық пен стратегиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталған. Президенттің бір рет, жеті жылға сайлануы биліктің мерзімдік жаңаруын және жеке тұлғаға тәуелділікті азайтады. Президенттің вице-президентті, Үкімет басшысын және бірқатар жоғары лауазымды тұлғаларды тағайындау тәртібі күшейтіледі. Бұл шешімдер геосаяси сын-қатерлер жағдайында басқарудың жеделдігі мен бірізділігін қамтамасыз етуге бағытталған. Сонымен бірге Құрылтайдың келісім беру тетігі сақталады, ал қайталанған саяси тығырық туындаған жағдайда, Парламентті тарату механизмі енгізіледі. Бұл парламенттік популизм тәуекелдерін азайтып, саяси жауапкершілікті арттырады.

Құрылтай – жаңа саяси мәдениеттің өзегі

Бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтайдың ұсынылған моделі де ерекше назар аударуға тұрарлық. Оның тек партиялық тізімдер арқылы қалыптасуы саяси партиялардың институционалдық рөлін күшейтеді, идеялық бәсекелестікті арттырады және заң шығару сапасын жақсартады. Партиялық жүйенің дамуы – қоғамдағы пікір алуандығын заңды әрі тұрақты арнаға түсірудің тиімді жолы. Бұл Мемлекет басшысы ұсынған «Күшті Президент – Ықпалды Парламент – Есеп беретін Үкімет» формуласының жаңа мазмұнда іске асуына мүмкіндік береді.



Халық кеңесі және диалог мәдениеті

Конституцияда көзделген Халық кеңесі институты – мемлекет пен қоғам арасындағы диалогты институционалдық деңгейге көтеретін маңызды жаңалық. Ол этностардың, өңірлердің, әлеуметтік топтардың мүдделерін ескеруге мүмкіндік беріп, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын нақты мазмұнмен толықтырады.

Тұрақтылықтың кепілі – халық таңдауы

Ендігі жерде Конституцияға өзгерістер тек жалпыхалықтық референдум арқылы енгізіледі. Бұл норма Негізгі заңның орнықтылығын арттырып, оны саяси конъюнктура құралына айналдырудан қорғайды. Биліктің заңдылығы мен легитимдігі тікелей халық еркімен бекітіледі. Жаңа Конституция жобасы – Қазақстанның болашағына бағытталған батыл әрі ойластырылған қадам. Онда адам құқығы мен бостандығы ең жоғары құндылық ретінде бекітіледі, ал білім, ғылым, инновация және адами капитал ел дамуының негізгі тірегіне айналады.

Елдің жаңа Ата заңының жобасы кездейсоқ ойдың емес, көптің көкейінен өткен, сананың сүзгісінен өткен ізденістің нәтижесі екені анық. Азаматтардың, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың, сарапшылардың ұсыныстары жанжақты сараланып, ашық талқыда пісіп-жетілді. Осы орайда Конституциялық реформа жөніндегі жұмыс тобына жетекшілік еткен Ерлан Қаринге, сондай-ақ Конституциялық комиссияның төрағасы мен мүшелеріне атқарған ауқымды еңбек үшін ризашылық білдіру – парыз.

Бұл жолы әр түзетудің артында кім тұрғанын халық көрді. Комиссия отырыстарының ашық эфирде өтуі – мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді тереңдеткен батыл да жауапты қадам. Жаңа Конституцияның мазмұндық тұрғыдан ойластырылып, салмақпен дайындалғаны осыдан-ақ аңғарылады. Бұл құжатты қабылдау арқылы Қазақстан өзін Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз және Таза мемлекет ретінде әлемге тағы бір мәрте айқын танытады. Бұл – бүгінгі күннің емес, келер ұрпақтың мүддесін көздейтін тарихи таңдау.

№13 (4911) 03/02/2026 Сейсенбі



Зұлфухар ҒАЙЫПОВ,
Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Мемлекеттік басқару және қоғамдық қатынастар орталығының басшысы, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы, ҚР Ұлттық құрылтай мүшесі:

ХАЛЫҚ КЕҢЕСІ – ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ДИАЛОГТЫҢ ПЛАТФОРМАСЫ

– Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата заңының жобасын жариялады. Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды мұқият талдаудың, ашық қоғамдық талқылаудың, сондай-ақ жаңа нормалар мен ережелерді жан-жақты әрі тиянақты пысықтаудың нәтижесінде пайда болды.

Қазақстан Республикасы Ата заңының тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің адамға бағдарланғанын арттыруға, Қазақстан халқына тән өзекті құндылықтар мен қағидаттарды көрсетуге, сондай-ақ республикадағы саяси институттар құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Конституция жобасының халықты елең еткізген жаңалықтарының бірі де бірегейі Халық кеңесі саяси институтының енгізілуі десек болады. Аталған институт азаматтардың қоғамдық-саяси өмірге қатысуын кеңейтуге, сондай-ақ мемлекет пен қоғам арасындағы жүйелі әрі тұрақты диалогты қамтамасыз етуге бағытталған.

Елімізде соңғы жылдары «Әділетті Қазақстан» идеясын іске асыру мақсатында саяси жүйені жаңғыртуға бағытталған ауқымды өзгерістер жүргізілуде. Осы өзгерістердің басты өзегі – халықтың мемлекеттік басқару ісіне тікелей және мазмұнды түрде қатысуын қамтамасыз ету.

Конституцияға енгізілген өзгерістер, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті сақтай отырып, елдегі саяси басқарудың жаңа моделін қалыптастыруға бағытталған. Алайда институционалды реформалардың табысы тек құқықтық нормалармен емес, қоғамның шешім қабылдау процесіне нақты қатысуымен өлшенеді. Осы тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Халық кеңесін құру билік пен қоғам арасындағы тұрақты, кәсіби және жауапты диалогты қамтамасыз ететін жаңа саяси институт ретінде қарастырылмақ.

I. Халық кеңесін құрудың саяси-қоғамдық негіздемесі

Қазақстан Республикасындағы жүргізіліп жатқан жүйелі реформалар мемлекеттік басқарудың тиімділігінің бірден-бір айқындаушысы десек, онда қабылданған шешімдердің сапасы мен олардың қоғаммен кері байланысы үнемі басты назарда. Десек те Мемлекет басшысы осы тұрғыдан келгенде елімізде бірқатар жүйелі мәселе бар екенін айтқан болатын:

– қабылданатын заңдар мен реформалардың әлеуметтік салдары толық зерделенбейді;

– өңірлердің нақты проблемалары орталық деңгейде кеш естіледі;

– сараптамалық пікір мен қоғамдық сұраныс саяси шешімдерге жеткілікті деңгейде ықпал етпейді.

Осы мәселелердің түпкі себебі – қоғамдық өкілдік пен кәсіби сараптаманың институционалдық әлсіздігі. Сондықтан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айтқандай, Халық кеңесі объективті қажеттіліктен туған, дәлелге, сараптамаға және ұзақмерзімді ұлттық мүддеге негізделген қоғамдық саяси институт болмақ.

II. Халық кеңесінің мәртебесі

Қазақстанның Халық кеңесі – Қазақстан халқы ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың тәжірибесін сақтай отырып, жаңа, кеңейтілген форматтағы жаңаша институт болады деп ойлаймыз. Оның басты ерекшелігі – кеңес жоғары консультативтік орган бола отырып, заң шығару бастамасы құқығына ие (VI бөлім, 70 баптар).

Бұл дегеніміз:

– Халық кеңесі қоғам үшін маңызды заң жобаларын ұсына алады;

– Құрылтайдың заң шығару қызметіне ықпал етеді;

Халықтың мүддесін тек кеңес беру деңгейінде емес, нақты шешімдер арқылы қорғайды. Осылайша, Халық кеңесі халық пен мемлекет арасындағы байланыстың нақты тетігіне айналады.

III. Халық кеңесінің негізгі қызметтері

Халық кеңесінің қызметі бірнеше маңызды бағытты қамтиды:

Біріншіден, қоғамдық келісімді нығайту. Яғни Қазақстан көпэтносты және көпконфессиялы мемлекет екенін ескерсек, кеңес этносаралық және дінаралық татулықты сақтауға ерекше мән береді.

Екіншіден, қоғамдық пікір білдіру, яғни азаматтардың әлеуметтік, мәдени, саяси мәселелерге қатысты ұсыныстары мен бастамалары жүйеленіп, мемлекеттік деңгейде қаралады.

Үшіншіден, азаматтық қоғамды дамыту, яғни қоғамдық ұйымдар, сарапшылар мен белсенді азаматтар Халық кеңесі арқылы елдің дамуына қатыса алады.

IV. Мемлекеттік билік жүйесіндегі орны

Жаңа Конституция жобасына сәйкес, заң шығару бастамасы құқығы Президентке, Құрылтайға, Үкіметке және Қазақстанның Халық кеңесіне беріледі. Бұл норма Халық кеңесінің саяси салмағын айқын көрсетеді. Яғни ол – тек кеңесші емес, мемлекеттік шешімдерге ықпал ететін орган. Бұл – халық билігінің нақты көрінісі.

V. Халық кеңесінің құрамы

Кеңес құрамын 126 адамнан қалыптастыру ұсынылды: 42 өкіл – этномәдени бірлестіктерден, 42 өкіл – ірі қоғамдық ұйымдардан, 42 өкіл – мәслихаттар мен өңірлік қоғамдық кеңестерден. Халық кеңесінің барлық мүшесін Президент тағайындайды, ал төрағасын кеңес мүшелері сайлайтын болды. Қорытындылай келе, Қазақстанның Халық кеңесін құру – еліміздегі демократиялық даму жолындағы маңызды қадам.

Бұл орган:

– халықтың үнін күшейтеді;

– қоғам мен билік арасындағы сенімді арттырады;

– әділетті, ашық және адамға бағдарланған мемлекет құруға ықпал етеді.

Қазақстанның Халық кеңесі халықтың сөзі ескерілетін, ұсынысы заңға айналатын жаңа дәуірдің белгісі болатынына кәміл сенеміз.



Мәдина ӘЖІКЕНОВА,
Астана қаласы мәслихатының депутаты:



АРНАЙЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМДЕР БЕКІТІЛДІ

– Жаңа Конституция жобасында жекелеген өңірлерде арнайы құқықтық режимдер енгізу мүмкіндігі бекітілді. Арнайы құқықтық режимдер – экономикалық даму құралы. Бұл тетік елдің экономикалық әлеуетін арттыруға, өңірлердің теңгерімді дамуын қамтамасыз етуге және инвестиция тартымдылығын күшейтуге бағытталған. Арнайы құқықтық режимдер арқылы белгілі бір аумақтарда басқару, қаржы немесе сот жүйесінің ерекше тәртіптері белгіленуі мүмкін. Алайда мұндай режимдер шектеусіз емес, олар қатаң заңдық негізде, нақты мақсатпен және мемлекеттік бақылаумен ғана қолданылады. Бұл норма кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін тұрақты әрі болжамды құқықтық орта қалыптастырып, жаңа жұмыс орындарын ашуға және экономикалық өсімге жол ашады. Нәтижесінде өңірлердің дамуы жеделдеп, ел экономикасының бәсекеге қабілеті артады.



Кәрімбек ҚҰРМАНӘЛИЕВ,
Президент жанындағы Ұлттық құрылтай және Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, академик:

ТІЛІ ЖАТЫҚ, ОЙЫ АНЫҚ

– 2026 жылғы 20 қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев парламенттік реформаға байланысты атқарылған жұмыстың қорытындысын шығарып, алдағы өзгерістерге қатысты өз көзқарасын білдірген болатын.

Парламенттік реформа аясында бастапқыда Ата заңның шамамен 40 бабына өзгерістер енгізу көзделгенін тілге тиек етіп, жұмыс барысында өзгерістер көлемі одан әлдеқайда ауқымды екені айқындалуына байланысты Конституциялық комиссия құруға шешім қабылдайтынын мәлімдеген еді.

Айтса айтқандай, 21 қаңтарда құрамына Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі құқықтанушылар, орталық мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, БАҚ басшылары, мәслихат төрағалары, аймақтық қоғамдық кеңестердің өкілдері кірген Конституциялық комиссия құрамы бекітіліп, жұмысқа кіріскені әрі комиссия отырыстары бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде тікелей көрсетілгені белгілі.

Комиссия мүшелері республика Ата заңының барлық негізгі түзетулерін жан-жақты қарап шыққанда, бұл түзетулер Конституцияның барлық бөлімдеріне және 77 бабына қатысты, яғни жалпы мәтіннің 84%-ын қамтығанын, сондықтан комиссия мүшелері Қазақстанның жаңа Конституциясын әзірлеу мәселесін алға тартқанын ақпарат құралдары таратқан еді. Енді бүгін Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия қараған Қазақстан Республикасының жаңа Ата заңының жобасын еліне етене жақын «Егемен Қазақстан» газетінен оқып, таныстық. Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды мұқият талдаудың, ашық қоғамдық талқылаулардың, сондай-ақ жаңа нормалар мен ережелерді жан-жақты әрі тиянақты пысықтаудың нәтижесінде пайда болғанын жалпы жұртшылық жақсы біледі.

Ғылым мен жоғары білім өкілі ретінде Ата заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталғаны көңіл қуантты. Яғни Қазақстан Республикасы адам капиталын, білімді, ғылымды, инновацияны дамытуды мемлекет қызметінің стратегиялық бағыты деп танитыны «тайға таңба басқандай» айқындалғанын айрықша атап өткеніміз артық болмасы анық.

Тағы бір түйген ойымды Ұлттық ғылым академиясының тіл білімі бойынша академигі ретінде айта кетуді жөн көрдім. Ол – жаңа Ата заң жобасының мәтіні. Мәтінге көз салғанда бірден байқалатыны тілінің жатықтығы, ойының анықтығы, сөзінің нықтығы дер едім. Мұның өзі тілдік қордың құнарлығын ұтымды пайдалана отырып, көпшілікке қолжетімді етіп жеткізуді мақсат еткен ниеттен туындағанын аңғару қиын емес. Оны біз Конституция нормаларында белгілі бір ойды баяндау, істің мән-жайын дәл, терең түсіндірілуінен байқағандай болдық. Басты мәселе – қалың көпшілікке түсінікті екені. Ендеше жоба туралы ел жүрегі – елордамыздың тұрғындары да өздерінің азаматтық көзқарасын білдіріп, қоғамдық пікірге үн қосатынына сенім мол.

Есберген АЛАУХАНОВ,
заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің мүшесі:

АДВОКАТУРА АУҚЫМЫ АНЫҚТАЛҒАН

– Қазақстанның саяси-құқықтық дамуының жаңа кезеңіне қадам басқанын көрсететін маңызды құжат – жаңа Конституция жобасы. Онда адам құқықтары мен бостандықтарының ең жоғары құндылық ретінде айқындалуы, цифрлық ортадағы құқықтарды қорғау нормаларының енгізілуі және әділеттілік пен заң үстемдігі қағидаттарының күшейтілуі қоғам сұранысына сай келеді. Еліміздің тарихында үшінші рет қабылданып жатқан жаңа Конституцияның нұсқасында тұңғыш рет жобаның 86-бабында адвокатура туралы бап енгізілді. Бұл да адам құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі демократиялық елдің озық үлгісі ретінде көрсетіліп отыр.

Ата заңның жаңа жобасын талқылау кезінде Конституциялық реформалар жөніндегі комиссияның мүшесі, республикалық адвокаттар алқасының жаңа төрағасы Мәди Мырзағараевтың да үлесі зор болды. Осы жаңа Конституцияның 86-бабында Адвокатура туралы бапты ендіру жөнінде өзі сол тексттің мәтінін дайындап, баяндама жасап, дәлелдеп берді. Міне, енді жаңа Конституцияда 86-бап пайда болды. Бұл дегеніміз – озық елдердің үлгісі ретінде адамның құқығы мен бостандығын қорғау жөніндегі кепілдіктің үлкен белгісі. Сондықтан осындай баптың да енгізілгеніне құтты болсын деп айтамын.

Жалпы бір палаталы Парламент құру, жалпыұлттық диалог алаңдарын дамыту және басқару жүйесін оңтайландыру бастамалары мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен бірге Конституция мәтінінде білім, ғылым, мәдениет пен инновацияға басымдық берілуі ел болашағын адами капиталмен байланыстыратын стратегиялық көзқарасты аңғартады.

Бұл жоба кең қоғамдық талқылау арқылы қалыптасқанын ескерсек, ол азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы сенімді нығайтып, Әділетті Қазақстан идеясын нақты мазмұнмен толықтырады.

№13 (4911) 03/02/2026 Сейсенбі

ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ – БАСТЫ МІНДЕТ

Айгүл УАЙС



Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасы қызметінің негізгі мақсаты – халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Басқарудың аса маңызды басымдығы – қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру, кедейлік, жұмыссыздық деңгейін төмендетуге бағытталған халықты әлеуметтік қамсыздандырудың тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру. Департамент 22 түрлі мемлекеттік қызмет көрсетеді. Атап айтқанда:

– Оңалтудың техникалық құралдарымен қамтамасыз ету;

– Протез-ортопедия көмегімен қамтамасыз ету;

– Арнайы қозғалыс құралдарымен қамтамасыз ету;

– Санаторлық-курорттық емдеумен қамтамасыз ету;

– Жеке көмекшімен қамтамасыз ету;

– Маманның ым-ишара тілін қамтамасыз етуі;

– Оңалтылған адамға куәлік беру;

– Жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша аз қамтылғандарға әлеуметтік көмек;

– Мүгедек балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу;

– Тұрғын үй көмегін тағайындау;

– Семей ядролық сынақ полигонында ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды тіркеу, біржолғы мемлекеттік ақшалай өтемақы төлеу, куәліктер беру;

– Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тағайындау;

– Өтініш берушінің (отбасының) АӘК алушыларға тиесілігін растайтын анықтама беру;

– Жұмыс іздеп жүрген адамдарды тіркеу;

– Жұмыссыздарды тіркеу;

– Жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру;

– Жұмыссыз ретінде тіркелгені туралы анықтама беру;

– Үйде күтім жасау жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу;

– МӘМ-де (ұйымдарда) арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге құжаттарды ресімдеу;

– Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және (немесе) ұзарту;

– Қандас мәртебесін беру және ұзарту;

– Еңбекші көшіп келушілерге рұқсат беру және ұзарту.

Осы қызметтер аясында өткен жылда 400000-нан астам мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Жұмыспен қамту саясатын іске асыру аясында Астанада жұмыссыз азаматтарды, соның ішінде мақсатты топтарды жұмыспен қамту арқылы жұмыспен қамтуға ықпал ету бойынша кешенді шаралар жүзеге асырылуда.

Жұмыссыздықпен күрес бойынша белсенді шараларды қолдану жұмыссыздық деңгейін төмендетуге мүмкіндік берді, ол – 4,3% (республика деңгейі бойынша – 4,6%).

2025 жылы жұмыспен қамтуға ықпал ету шараларымен 17146 адам қамтылды, оның ішінде 9091 жас, ал 8500 адам жұмысқа орналасты. Әлеуметтік қорғау саласында департамент жыл сайын шамамен 224000 адамға – зейнеткерлерді, соғыс ардагерлерін, мүгедектерді және аз қамтылған азаматтарды қоса алғанда, мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына тегін қызметтер мен ақшалай төлемдер түрінде әлеуметтік қолдау көрсетеді.

Кедейлік шегінен төмен табысы бар аз қамтылған азаматтар атаулы әлеуметтік көмек алады; 2025 жылы 1670 отбасы (8648 адам) көмек алды.

Егер коммуналдық қызметтерге ақы төлеу отбасының айлық жиынтық табысының 5%-ынан асса, онда басқарма тұрғын үй көмегін көрсетеді. Есепті жылда бұл қызмет 548 отбасын (769 адам) қамтыды. Қолданыстағы әлеуметтік көмек көрсетудің ережелеріне сәйкес, мереке күндері бір жолғы ақшалай төлемдер жасалады, тегін қызметтер көрсетіледі.

Басқарманың басым міндеттерінің бірі – мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қолдау, оларды оңалту. Арнайы әзірленген жеке оңалту және оңалту бағдарламасына сәйкес, протез-ортопедия көмегі, арнайы жүріп-тұру құралдарымен, гигиена, сурдо, тифло-техника құралдарымен, жеке көмекшінің қызметтерімен, санаторий-курорттық емдеумен, ымдау тіл маманының қызметтерімен қамтамасыз етіледі.

Елордада шамамен 43000 мүгедек тұрады. Оңалту қызметтері әлеуметтік қызметтер порталы (aleumet.egov.kz) арқылы көрсетіледі. Әлеуметтік қызметтер порталы мүгедектер мен қызмет көрсетушілер арасындағы тікелей өзара әрекеттесудің бірыңғай цифрлық платформасына айналды.

Департамент сонымен қатар 11 бағыныста мекеменің қызметін үйлестіреді, олардың 7-уі мамандандырылған әлеуметтік қызметтер көрсетеді.

Бүгінде елордада стационар, жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтердің 8 түрін көрсететін мемлекеттік стационарлық және стационарлық емес әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің жүйесі құрылды. Бұл қызметтерді баламалы негізде үкіметтік емес сектор да көрсетеді.

2025 жылы 8000-нан астам мүгедек мамандандырылған әлеуметтік қызметтермен қамтылды, оның 3800-і мемлекеттік мекемелермен және 4000-ы үкіметтік емес ұйымдар күшімен қамтамасыз етілді.

Азаматтардың жекелеген санаттарына (көпбалалы отбасылар, мүгедектер, жалғызбасты және аз қамтылған отбасылар, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналар және т. б.) әртүрлі кеңес беру қызметтерімен, қиын өмірлік жағдайдағы отбасыларға психологиялық, әлеуметтік және құқықтық көмек көрсетумен, сондай-ақ отбасы институтын жан-жақты қолдау және нығайту мақсатында Астана қаласы әкімдігіне қарасты «Жанұя» отбасын қолдау орталығы 2019 жылдың 26 тамызынан бастап жұмыс істеп келеді.

Ведомствоаралық ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру және мұқтаж отбасылар туралы сұрауларға жедел жауап беру, сондай-ақ қиын өмірлік жағдайдағы адамдарды (отбасыларды), соның ішінде «Жанұя» орталығы есептегі тұлғалардың жағдайын ерте анықтау және қолдауды ұйымдастыру үшін «FSM Social» мобильді қосымшасы іске қосылды (өз құзыреті шеңберінде түрлі ведомствоның мамандары арасында ақпарат алмасуға арналған инновациялық құрал). Платформаның мақсаты – қиын өмірлік жағдайдағы отбасылар туралы ведомствоаралық деректер алмасуды жеңілдету және кешенді әлеуметтік көмектің тиімділігін арттыру. Осылайша, 2025 жылға қарай басқарма да, оның ведомстволық бағынысты мекемелері де әлеуметтік қолдау шараларын уақытылы қамтамасыз ету үшін маңызды, белсенді және тиімді жұмыс атқарды.

Елордада жергілікті фермерлер мен өзге өңірлерден келген тауар өндірушілердің қатысуымен кезекті қалалық ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі жалғасуда. Іс-шара отандық өндірушілерді қолдауға және қала тұрғындарын қолжетімді бағада жаңа піскен өнімдермен қамтамасыз етуге бағытталған.

ТАЗА ОТАНДЫҚ ӨНІМДЕР

Жәрмеңке сағат 10:00-ден 19:00-ге дейін Алаш тасжолы, 35Б мекенжайында орналасқан «Keryen joly» сауда орталығында өтті. Келушілерге өнімнің кең ассортименті: көкөністер мен жеміс-жидектер, ет және ет өнімдері, сүт және ұн өнімдері, жаңа піскен нан-тоқаштар, табиғи шырындар, тосаптар, джемдер және басқа да тауарлар ұсынылған.

Қатысушылардың айтуынша, мұндай жәрмеңкелер қыс мезгілінде ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін де, қала тұрғындары үшін де аса маңызды.




«Жаңа жылға дейінгі алты апта ішінде мен шамамен 400 бас жабағы саттым. Жәрмеңкенің біз үшін басты пайдасы – қыс мезгілінде жем-шөп пен шөпке кететін шығынды едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Ал қала тұрғындары экологиялық таза отандық өнімді делдалсыз, тікелей сатып алады. Бұл тұрғындар үшін де, кәсіпкерлер мен фермерлер үшін де тиімді» деді Жарқын есімді фермер.

Ұйымдастырушылар жәрмеңкенің өндірушілер мен тұтынушылар арасында тікелей байланыс орнатуға арналған қолайлы алаң екенін атап өтті.

– Біздің жәрмеңкелерде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін барлық жағдай жасалған. Олар ет, картоп және басқа да өнімдерді делдалсыз, тікелей сатады. Бұл бағаның қала тұрғындары үшін айтарлықтай қолжетімді болуына мүмкіндік береді. Халқымыз етті өте жақсы көреді, сондықтан тұрғындар жәрмеңкеге таңертеңнен бастап келеді. Ең алдымен ет, көкөніс, жеміс-жидек, ұн мен күріш сатып алады. Сонымен қатар табиғи сүт өнімдерін – қолдың сүтіне, айран мен шұбатқа, қымыз бен құртқа сұраныс жоғары. Жұрт жәрмеңкеге ауылдың таза етін, қазысы мен құртын қолжетімді бағада алу үшін келеді, – деді «Keryen joly» СОО директоры және жәрмеңке ұйымдастырушысы Айтуған Күзербаев.

Айта кетейік, қала тұрғындарының қолайлылығы үшін жәрмеңке өтетін орынға №7, 11, 39, 41, 45, 53, 59, 81, 307 және 317 бағыттағы автобустар қатынайды.

Ернұр ҚАЙНАР



ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Астана қаласы Сарыарқа ауданында кәсіпкерлік нысандарындағы өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кешенді алдын алу жұмыстары жүргізілуде. Аталмыш іс-шаралар Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы мен Төтенше жағдайлар басқармасының бірлесуімен жүзеге асып жатыр.

Ерасыл НҰРЛЫБЕКҰЛЫ

Жауапты мамандар аудан аумағындағы сауда, қызмет көрсету және басқа да кәсіпкерлік объектілерін аралап, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын тексеруде. Сонымен қатар нысан басшылары мен қызметкерлеріне төтенше жағдайлардың алдын алу, өрт шыққан жағдайда жедел әрі дұрыс әрекет ету тәртібі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

«Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы және Төтенше жағдайлар басқармасымен бірлесіп, Астана қаласы Сарыарқа ауданында өрт қауіпсіздігі бойынша алдын алу шараларын жүргізіп жатырмыз. Бүгінгі таңда 600-ге жуық объектіні шолып шықтық. Объект басшыларына өрт қауіпсіздігі талаптарын түсіндіріп, төтенше жағдайда қандай іс-әрекет жасау керектігін айтып өттік. Бүгінде 15-20 объектіні аралау жоспарланып отыр» дейді Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы сауда және қызмет көрсетуді дамыту бөлімінің басшысы Әділ Дүйсенбайұлы.

Мамандардың сөзінше, мұндай профилактикалық жұмыстар кәсіпкерлердің жауапкершілігін арттырып қана қоймай, адам өмірі мен мүлікті қорғауда маңызды рөл атқарады. Алдағы уақытта да өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша түсіндіру және бақылау шаралары жүйелі түрде жалғасады.

БАСПАСӨЗ ҚАРА НАРЫНЫҢ ҚАЛАМГЕРЛІК ҚАЗЫНАСЫ



Кеше елордада Ұлттық баспасөз күніне орай Ұлттық архив пен «Қазақ газеттері» серіктестігі бірлесіп өткізген «Шерхан Мұртазаның қаламгерлік қазынасы» тақырыбындағы дөңгелек үстел аясында аталған мекемеде көрнекті қаламгердің жеке қоры ашылды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Іс-шара барысында Шерхан Мұртазаның жеке қорынан алынған құжаттар, қолжазбалар, сирек фотосуреттер мен кітаптар көрмесі ұйымдастырылып, қазақ баспасөзі мен ұлттық журналистиканың қалыптасуындағы айрықша орны, азаматтық ұстанымы, қоғамдық ойға қосқан үлесі туралы айтылды.

Жиынды ашып, жүргізіп отырған «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры, академик Дихан Қамзабекұлы алдымен Ұлттық баспасөз күнінің мән-маңызына тоқталып, оның бастауы «Қазақ» газетінде жатқанын, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы бастаған Алаш қайраткерлері ел деңгейін көтеру, ел бірлігін арттыру үшін ағарту бағытындағы үлкен кешенді жұмыстарды баспасөз арқылы жүргізгенін атап өтті. Бірнеше жыл бұрын 2 ақпан Үкімет қаулысымен Ұлттық баспасөз күні ретінде бекітілгенін еске салды.

Қазақ баспасөзінің қара нары Шерхан Мұртазаның жеке қорын ашу дәл осы күнге сәйкес келгені бекер емес екенін айтып, бірнеше ай бұрын «Қазақ газеттері» серіктестігі қаламгер мұрасын Ұлттық архивке тапсырғанын, мұның бас-аяғы 6 мың парақтан асатынын жеткізді. Бұл материалдардың барлығын архив мамандары жазулары жойылмайтындай, қағазы тозбайтындай қалыпқа келтірді.

Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің төрағасы Рустам Әли министр Аида Балаеваның лебізін жеткізді. Онда министр Ұлттық баспасөз күнімен құттықтай келе, Шерхан Мұртаза қазақтың болмыс-бітімін көркем сөзбен кестелеген қайраткер ретінде елдік мүддені бәрінен биік қойғаны, журналистиканы ұлтқа қызмет етудің жолы деп білгені айтылған.

«Шерхан Мұртазаның қазақ баспасөзіндегі қалыптастырған мектебі, редактор ретіндегі талапшылдығы, еңбекқорлығы тұтас бір буынның кәсіби әрі азаматтық тұлға болып қалыптасуына ықпал етті. Ол тек қана жазушы емес, ел тағдыры сынға түскен сәттерде сөзін тайсалмай айтқан мемлекетшіл қаламгер, Парламент мінберінен ұлт мүддесін қорғап, адалдықты ту етті» делінген министрдің лебізінде.

Белгілі қаламгер, әдебиеттанушы ғалым, мемлекет және қоғам қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сауытбек Абдрахманов Ұлттық баспасөз күніне тар аяда емес, кең ауқымда мән беру керектігіне назар аударып, бұған ұлттық биіктен қарау қажеттігін атап өтті. Шерхан Мұртазаның Асқар Сүлейменовтің түрткі болуымен жазылған «Сталинге хат» атты пьесасы театрда қойылғанда, соны тамашалаған Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Колбин қазақтың оңай ұлт емес екенін түсінгенін жеткізді.

«Ол сахнада Сталин мен Голощекин тұрғанмен, санада Горбачев пен Колбин тұрғанын түсінді. Соған байланысты Шерхан Мұртазаның Райымбек Сейітметов туралы мақаласы бар. Сонда «Меніңше, Колбин бұл халықпен ойнауға болмайтынын түсінді» деген жолдар кездеседі. Міне, осы бір оқиға Шерхан Мұртазаның қазақтың егемендігін, қазақтың тәуелсіздігін нақты жақындатқан адам деп сипаттауға болатын мысал деп ойлаймын» деген Сауытбек Абдрахманов шерхантануда Шерхан Мұртазаның редакторлық қызметін, қазақ баспасөзіндегі орнын, таралымды 200 мыңнан асырып, бағын жандырған редакторлығын зерттеу нысанына айналдыру керектігіне назар аударды.

Қатысушылар шағын бейнежазба арқылы Шерхан Мұртазаның асыл бейнесімен қауышып, Ұлттық архивтің қаламгердің жеке қорын қалпына келтіру жұмысымен қанықты. Белгілі ақын, журналист, Парламент Мәжілісінің депутаты Жанарбек Әшімжан Шерхан Мұртазадай қаламгер ғасырда бір туатынын, сондықтан оның мұрасын Ұлттық архивке өткізу арқылы үлкен жұмыс жасалғанын атап өтті.

Бір топ белгілі журналистика ардагерлері, бүгінгі журналистер Шерханның шекпенінен шығып, оның үлгі-өнегесін көрді. Соларға сөз берілгенде танымал қаламгер, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жарылқап Бейсенбайұлы университетті жаңа бітіргенде «Лениншіл жас» газетіне Шерхан Мұртазаның қарамағына жұмысқа келгенін, жастар басылымының жарқырап, халықтық газетке айналуы Шерханның кезінде басталғанын айтты. Шерхан Мұртаза Атыраудан Фариза Оңғарсынова, оңтүстіктен Мұхтар Шахановты, Арқадан Ақселеу Сейдімбекті, шығыстан Оралхан Бөкейді алдырғанын, сол уақытта бұл басылымда Әбіш Кекілбайұлы, Жұмекен Нәжімеденов сынды таланттар жұмыс істегенін жеткізді. Жалпы Шерхан Мұртаза қай басылымды басқарса да, жарқыратқанын атап өтті.

Белгілі ғалым, филология ғылымдарының докторы Серік Негимов Шерхан Мұртаза туралы естеліктерді сөйлете келе, көрнекті жазушы Сайын Мұратбековке Мемлекеттік сыйлық Шерханның ықпалымен керек уақытында берілгенін жеткізді. Редактор ретіндегі қызметі таңғалдырғанын айта келе, Парламент мінберінен сөйлеген отты сөздерін еске алды.

Ұлттық архив директоры Сағила Нұрланова қаламгердің жеке қоры Ұлттық архивке алынғаны туралы сертификатты «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлына тапсырды. Алдағы уақытта Шерхан Мұртазаның мұрасын цифрландыру жүргізілетінін жеткізді.

«Астана ақшамы» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр Шерхан Мұртазаның жеке қорының ашылуы Ұлттық баспасөз күнімен сәйкес келгені тегін еместігін, бір ғасыр бұрын Алаш ардақтылары баспасөзді ұлтты оятуға пайдаланса, Шерхан Мұртаза кешегі тоталитарлық заманда ұлттың ұнжырғасының түсіп кетпеуіне, езіліп кетпеуіне қызмет етіп, ұлы миссия орындағанын атап өтті. Жеке қорының Ұлттық архивке алынғанының үлкен мәніне тоқталып, Шерхан Мұртаза 1999 жылы «Егемен Қазақстан» газетінің Алматыдан Астанаға көшін бастап келгенін, қаламгер депутат болғанда жалпы елордада 10 жылдай тұрғанын, осында тұрған бір үйіне ескерткіш-тақта орнатылғанын айта келе, редакторлық қырын зерттеу керектігіне тоқталды.

Белгілі қаламгер, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Жанат Елшібек Шерхан Мұртаза «Социалистік Қазақстан» газетінде бас редактор болғанда басылым атауын «Егемен Қазақстан» деп өзгерткенін, оған дейін газеттің шекесінде орысша жазылып жүрген ай атауларын қазақшалағанын атап өтті.

Ардагер журналист Оңдасын Елубай «Социалистік Қазақстан» газетіне меншікті тілші ретінде Шерхан Мұртазаның бас редактор тұсында келгенін айта келе, Зайсан өңірінде үлкен жер сілкінісі орын алғанда, басылым басшысы жанашырлықпен қарағанын, соған байланысты бірнеше тапсырма бергенін айтты.

Журналист-жазушы Ақайдар Ысымұлы Шерхан Мұртаза «Социалистік Қазақстан» газетінің басшылығына сол басылым қызметкерлерінің қалауымен келгенін жеткізді. Сол уақытта басшылыққа үміткер ретінде Шерхан Мұртаза мен Сарбас Ақтаев есімдері аталғанын, ақыры таңдау алғашқысына түскенін атап өтті. Белгілі қаламгер Шархан Қазығұл Шерхан Мұртазаның қарамағында жұмыс істеу өзіне арман күйінде қалғанын айта келе, жеке қорының Ұлттық архивте ашылуына тілектестік білдірді. Тарихшы ғалым, тарих ғылымдарының докторы Марат Әбсеметов Шерхан Мұртаза Тұрар Рысқұлов туралы «Қызыл жебе» романын жазып жүргенде бірнеше мәрте Моңғолияға барғанын, оны ғалым түркітанушы Қаржаубай Сартқожаұлынан естігенін атап өтті. Белгілі ғалым Қайрат Сақ шерхантану жұмыстары бірнеше жыл бұрын қолға алынғанын жеткізе келе, баспасөз тарихы туралы сөз сабақтады. «Егемен Қазақстан» газеті бас редакторының орынбасары Талғат Батырхан Жетісу өңіріндегі бірқатар ұлттық мәселелер Шерхан Мұртаза «Социалистік Қазақстан» газетінде бас редактор кезінде басылып, оңынан шешілгенін еске алды.

КҮЙ АНАСЫНА ҚҰРМЕТ

Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармонияның камералық залында халық күйшісі, тарихи тұлға Дина Нұрпейісованың 165 жылдығына арналған «Күй анасы – Дина» атты концерт өтті.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

Динаның домбырасының шанағынан төгілген әрбір күй – ұлт руханиятының мәңгілік мұрасы, халқымыздың алтын қазынасы. Тума талант иесі өнердің қыр-сырын ерте жастан бойына сіңірді. Әкесі Кенже Шалұлы ат баптаған, домбыра шерткен, палуан, сері болған. Ол кішкентайынан-ақ қызының жүрегіне өнердің отын жағып, домбыраға баулыды. Динаның талабы да, табиғи дарыны да айрықша еді. Ол бала кезінен Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсаң сынды дәулескер күйшілердің шығармаларын нақышына келтіре орындап, ел ішінде «домбырашы қыз» атанды. Ол кезде Дина небәрі сегіз-тоғыз жаста ғана болатын. Алайда Тәңір дарын берген жанды сынақсыз қалдырмайды. Динаның өмір жолы оңай болған жоқ. Тұла бойына тылсым өнер дарыған күйші XIX ғасырдағы қазақ қоғамында әйел баласының басына түсетін сан алуан ауыртпалықтың бәрін өткерді. Соған қарамастан, ол сынаққа сынбай, тағдырдың тауқыметіне мойымай, өзіне жүктелген қасиетті аманатты келешек ұрпаққа толықтай табыстай білді. Оның аманаты күй, құдіретті әуен еді.

Халық күйшісінің әрбір күйі болмысы биік көркем шығарма іспетті. Мысалы, «Кербез» күйін алайық. Күй анасының абысыны шын мәнінде көркі мен келбеті жарасқан, мінезі өткір әрі ашық, сөзі нық, туысқанға сыйлы, беделді жан болған деседі. Оның аса зор болмаса да, нәзік, қоңыр дауысы тыңдаушының жүрегіне бірден жететін. Жаздың кешкі майдақоңыр самалында, ауылдың у-шуынан тыныштық орнаған шақта Кербез Динаның үйіне жиі келіп, күйшінің күмбірлетіп тартқан домбырасын тыңдап, ұлы ұстазы Құрманғазының өмір жолы жайлы, анасы Алқа туралы айтқан сырлы әңгімелеріне құлақ түретін. Ал өзі болса қазақ қыздарының малға сатылып, тағдыр тауқыметін тартқан қасіретті өмірі жайлы мұңды әндерді баяу ғана сызылта шырқайтын. Сол өлеңдер арқылы ішкі шерін ақтарып, жүрек жарасын жырмен емдейтін. Жастықтың, ғашықтықтың серпінді әндеріне көшіп, Динаның көңілін көтеріп, жүзін жадырататын. Кербез келін болып атасының босағасын аттағаннан кейін арада бірнеше ай өтпей күйеуі дүниеден озады. Жесір қалған ол екінші рет тұрмыс құруға ниет етпейді. Оның бар байлығы ар-ұяты, еркін болмысы мен өнерге құштар жан тазалығы болатын.

Дина Нұрпейісованың «8 март» күйі – ананың мейірімі мен әйел затының асыл болмысына арналған нәзік те жарқын музыкалық туынды. Бұл күйде көктемнің лебі, жаңарған өмірдің қуанышы, әйелге деген құрмет пен ізгі ілтипат домбыра үні арқылы айқын сезіледі. Күй әуені жеңіл, ойнақы сипатта басталып, біртіндеп кең тынысты, жарқын көңіл күйге ұласады. Домбыраның қос ішегінен төгілген әрбір дыбыс әйел жанының нәзіктігін, сабырын, сонымен қатар ішкі күш-қайратын бейнелегендей әсер қалдырады. Бұл шығарма – Динаның өмірлік даналығы мен жүрек жылуының көрінісі.

Динаның Құрманғазыны үлгі тұтып, одан тәлім-тәрбие алуы кездейсоқ емес. Академик Ахмет Жұбановтың деректеріне сүйенсек, күйші Құрманғазы мен Динаның әкесі Кенже Шалұлы аралас-құралас адам болған.

«1870 жылы Құрманғазы он жасар керемет домбырашы бар дегенді естиді де, Кенженің үйіне келеді. Кішкене қыздың домбырасын тыңдап, күй өнерін дамытатын тағы бір адамның дүниеге келгеніне ризашылығын білдіреді. Өзінің айтуы бойынша Дина тоғыз жыл бойы, яғни он сегізге толғанға дейін Құрманғазымен жиі кездесіп, жиындарға еріп барып жүреді, көптеген атақты домбырашымен кездеседі» деп жазады А.Жұбанов.

Дина өз күйлерін суырып салма құрылымда еркін тартқан. Ол күйлердің негізгі композиция принциптерін сақтай отырып, әр тартқанында күйін жаңаша түрде орындайтын болған. Батыс Қазақстан күй формасына сүйене отырып, Дина күй құрылысын өзінше дамытқан. Бас буын мен орта буын аралығындағы күй тақырыбы дәстүрдегідей өзгермей дәл сақталса да, күй құрылысындағы басқа буындар үнемі өрнектеліп, құбылып отырады. Кіші сағаның өзінде дәстүрлі үстіңгі ішекте жүретін өрнек жоқ, ол күйдің даму бөлімін құрайды. Дина күйлеріндегі оң қолдың қағыс техникасы мен сол қолдың аппликатура тәртібі өз алдына бір төбе. Борандатып келе жатқан күй сарынының кілт тоқтап, басқа екпінге ауысуы Дина күйлерінде жиі кездеседі. Сонымен қатар күй ырғағының үнемі құбылып отыруы да басты ерекшелік саналады.

Керемет кеште Қазақ оркестрі Дина Нұрпейісованың «Тойбастар», «Кербез», «Жеңіс», «16-жыл» атты күйлерін жаңаша форматта орындады. Динаның шоқтығы биік шығармалары көптеген композиторға шалқар шабыт сыйлағаны мәлім. Осы орайда Айтқали Жайымовтың «Күй анасы» атты шығармасын орындаған республикалық байқаулардың лауреаты Айым Бекбаеваға, «Байжұма» атты күйін орындаған ҚР еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздахановаға, «Бұлбұл» атты күйін шеберлікпен тартқан Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, профессор Тұрар Әліпбаевқа және өзге де жекелеген өнерпаздарға көрермен ықыласпен қол соқты. Концерт «Әсемқоңыр», «Сарыарқа» күйлерімен түйінделді. Дина Нұрпейісова – күймен рухани ескерткіш орнатқан аңыз адам. Жер бетінде қазақ халқы барда ұлы композитордың мұрасы мәңгілік жасай берері хақ.

№13 (4911) 03/02/2026 Сейсенбі

АҚИЫҚ АҚЫНҒА АРНАЛҒАН ЧЕЛЛЕНДЖ

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығында қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығына арналған әдеби челлендж өтіп жатыр. Іс-шара ақынның туғанына 95 жыл толуына орай ұйымдастырылды.

Әдеби челленджге Астана қаласы Нұра ауданындағы «Ұлағат» әдеби бірлестігінің мүшелері зейнеткер Рауза Измурзинаның жетекшілігімен қатысуда. Өнерсүйер зейнеткерлер бас қосқан іс-шарада зияткерлер клубының 14 мүшесі Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін мәнерлеп, нақышына келтіре оқыды. Атап айтқанда, «Поэзия! Менімен егіз бе едің?», «Оңай сөз ғой Отанды сүйем деген», «Үш бақытым», «Мен таулықпын!», «Не пайда күрсінгеннен, өкінгеннен», «Жұтайыншы елімнің таза ауасын», «Мәңгілік мұра», «Не деген керемет күн!», «Отан туралы» өлеңдері тыңдаушыларға ерекше әсер



сыйлады. Қатысушылар Мұқағали поэзиясының терең мағынасы мен рухани құндылығына тоқталып, ақын шығармашылығына деген шынайы құрметін білдірді. Әдеби кеш барысында ақын өлеңдері арқылы отансүйгіштік, адамгершілік, туған жерге деген сүйіспеншілік сынды асыл қасиеттер насихатталды. Негізгі мақсат – қазақ поэзиясын кеңінен дәріптеу, Мұқағали Мақатаевтың бай рухани мұрасын сақтау және әртүрлі буын өкілі арасында ұлттық әдебиетке деген құрметті арттыру. Аталған әдеби челлендж ақынның туған күні – 9 ақпанға дейін жалғасады. Өнер эстафетасын келесі кезекте Астана қаласының Есіл ауданындағы замандастары қабылдап, игі бастаманы жалғастырмақ.

АСТАНА АСПАНЫН ӘНГЕ БӨЛЕДІ

Сарайшық ауданында «Нұра әуендері» ансамблінің өнерпаздары ән кешін өткізді. Өнер кешінде қазақ музыкасының алтын қорына енген Абайдың әндерімен қатар «16 қыз», «Мен туралы ойладың ба бақтарда», «Сезім сыры» сынды жүрекке жақын ретро әндер орындалды.

Кеш барысында ансамбль мүшелерінің орындау шеберлігі көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Әсіресе ансамбль музыканты Жабай Қалиевтің музыкалық аспапта шебер орындауы көпшілікті тәнті етіп, ерекше әсер сыйлады. Күлән Қарабайқызы жетекшілік ететін өнер ұжымының құрамында бүгінде 28 өнерлі ата-әже бар. Ансамбльдің ән қоржынында 30-дан астам шығарма жинақталған. Осындай мазмұнды кештер арқылы өнерпаздар ұлттық ән өнерін насихаттап, көрерменге рухани серпіліс сыйлап келеді.

ТЕАТР ҰЖЫМДАРЫНЫҢ ФЕСТИВАЛІ

Елордада «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында №13 орта мектепте оқушылардың құқықтық мәдениетін, азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға және адамгершілік құндылықтарын түсіндіруге бағытталған театр ұжымдарының фестивалі өтті.



Мектептегі театр үйірмесінің тәрбиеленушілері ақшаға деген көзқарас пен ойланбай жасалған әрекеттердің салдары туралы баяндайтын «Қаржылық детокс» қойылымын сахналады. Тағы бір ұжым өз қойылымында сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа деген көзқарасын көрсетті. Ал үшінші топ спектаклін «Жоғалған уақыт туралы ертегі» деп атады.

«Біз бұл фестивальді балаларға адалдық, әділдік, өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілік туралы түсіндіру мақсатында ұйымдастырдық. Басты міндетіміз – уақыттың қадірін білуді үйрету, қаржы сауатының негіздерін меңгерту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың қарапайым тетіктерін түсіндіру. Іс-шара өзекті құқықтық және моральдық мәселелерді қолжетімді әрі шығармашылық форматта ой елегінен өткізуге мүмкіндік берді» деді театр үйірмесінің жетекшісі, музыка пәнінің мұғалімі Нұрлыбек Жалатбек.







ОТБАСЫҢМЕН КӨҢІЛДІ

Астана қаласы әкімдігінің №116 жалпы орта білім беретін мектебінде «Әкем, анам және мен» атты отбасы эстафетасы өтті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған аталмыш білім ордасында 3 мыңға жуық оқушы білім алуда. Іс-шара аясында мектеп басшылығы бес түрлі сайыстан тұратын ерекше жарыс өткізді.

Оңалхан ӨНЕРХАН

«Қыс мезгілінде алғаш рет далада отбасы эстафетасын ұйымдастырып отырмыз. Іс-шараның басты ерекшелігі – тек 3-сынып оқушылары мен ата-аналардың қатысуы. Алдағы уақытта өзге сыныптарға спорт және басқа да іс-шаралар өткізуді жоспарлап отырмыз. Мақсатымыз – салауатты өмір салтын насихаттау. Мұндай ортада ата-аналардың бір-бірімен танысуы мектептің одан әрі дамуына серпін береді деп сенеміз. Оқушылардың жанжақты дамуы үшін спортпен қатар театр, дебат сынды тегін үйірмелер жұмыс істейді» деді мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Тілекқабыл Оразғалиұлы.

Сайысқа барлығы 11 команда қатысып, таяқшамен жүгіру, тәрелке жинау, шеңбермен жүгіру, шанамен жарысу және жылдамдыққа бауырсақ жеу сынды кезеңдерде сынға түсті. Жарыс жеңімпаздары тапсырмаларды орындау уақытына қарай анықталды.

«Күнделікті жұмысбастылық салдарынан кейде балаларымызға жеткілікті көңіл бөле бермейміз. Осы бір отбасы эстафетасы арқылы баламызбен бірге уақыт өткіздік әрі өзіміз де сергіп қалдық. Жарыс болған жерде эмоция мен адреналин қатар жүреді. Осындай шаралар жиі ұйымдастырылса, әрдайым қатысуға дайынбыз» деді «Дарын» командасының мүшесі Қуантай Мырзабеков.

Жарыс соңында барлық команда марапатталып, қатысушыларға ыстық шай мен бауырсақ таратылды.

ИСПАНИЯДА ТОП ЖАРДЫ

Испанияда өткен «Challenge Mallorca» сериясының соңғы жарысы – «Трофео Пальма» бір күндік веложарыс жаппай спринтпен аяқталды. Бұл жарыста XDS Astana Team командасының шабандозы Макс Кантер мәреге 250 метр қалғанда шабуыл жасап, нәтижесінде екінші орынға ие болды.

Жарыстың жеңімпазы – Red Bull-Bora-Hansgrohe командасынан бельгиялық Арне Марит. Ал үшінші орынды оның командаласы, италиялық Алессио Магагнотти алды. Жарыстан кейін Макс Кантер команданың үйлесімді жұмысын ерекше атап өтті. Оның айтуынша, жарысқа жақсы жоспар жасалған және көп нәрсе ойдағыдай өткен. Алайда жарақатына байланысты Глеб Сырица жарысты жалғастыра алмады, бұл финалдық кезеңде сезілді. Соған қарамастан, Майк Тениссен соңғы шақырымда тамаша қолдау көрсеткен. Нәтижесінде команда жүлделі орынға қол жеткізді.

«Біз бірінші бола алмадық, бірақ екінші орын – жақсы нәтиже. Сондықтан бұл жарысты көтеріңкі көңіл күймен аяқтадық. Енді алда жаттығу жиыны бар» деді Макс Кантер.

Еске салайық, «Challenge Mallorca» сериясындағы бес жарыстың қорытындысы бойынша XDS Astana Team командасы екі жүлделі орын иеленді. Оның бірі – Макс Кантердің екінші орны, екіншісі – «Trofeo Serra Tramuntana» жарысында Кристиан Скаронидің үшінші орны.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №13

Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Қалиақбар ҮСЕМХАНҰЛЫ